

## Құрмансай жалпы орта білім беретін мектебі

02.09.2022 ж. педагогикалық кеңесінің отырысының №2 хаттамасы

Қатысқандар: 21 мұғалім

### Күн тәртібі:

1. Мектеп өзін бағалауын өткізуіне дайындық туралы.

Осы мәселе бойынша мектеп директоры Алданыш Куанышевич Сейтказин сөз сөйледі, ол қатысушыларға жыл сайынғы өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру, заңнамалар мен ережелерді түсіндіріп берді.

Осы Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар (бұдан әрі – Әдістемелік ұсынымдар) «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңына (бұдан әрі – Заң), «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бұйрығына (бұдан әрі – Бағалау өлшемшарттары) және басқа да білім беру ұйымдарының білім беру қызметтерін регламенттейтін білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленген.

Әрі қарай А.К.Сейтказин ұжымды өзін-өзі бағалау кезіндегі атқаратын жұмыстарды комиссия тізіміне сәйкес бөлді.

Талқылау нәтижесінде педагогикалық ұжыммен комиссия құрамы бекітілді.

### Қаулы етті:

1. 2022 жылдың 5 қыркүйектен 4 қазанына дейін мектептің өзін-өзі бағалау бойынша келесі комиссия құрамы бекітілсін:

- Сейтказин А.К. – мектеп директоры, комиссия төрағасы
- Аяпбергенова А.А. – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
- Когабаева Б.Б. – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
- Малафеева С.П. – көркем еңбек пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі
- Шинкоренко И.А. – бастауыш сынып мұғалімі, комиссия мүшесі
- Бооль С.П. – МАД тобының тәрбиешісі, комиссия мүшесі

- Клушова Ш.Ж. – информатика пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі

2. 2022 жылдың 5 қыркүйек – 4 қазан аралығында мектепте өзін-өзі бағалау өткізілсін.

3. Мектеп өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу бойынша жоспар құрылсын.

4. 2022 жылдың 4 қазанында өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша педагогикалық кеңес өткізілсін.

Педагогикалық кеңесінің төрағасы:

А.К. Сейтказин

Хатшы:

А.К.Жумабаева

